

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Венгрия Республикасының Егін шаруашылығы министрлігі арасындағы Ауыл шаруашылығы және ұқсату өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 31 мамыр N 668

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылғы 7 қазанда Будапешт қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Венгрия Республикасының Егін шаруашылығы министрлігі арасындағы Ауыл шаруашылығы және ұқсату өнеркәсібі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен
Венгрия Республикасының Егін шаруашылығы министрлігі
арасындағы Ауыл шаруашылығы және ұқсату өнеркәсібі
саласындағы ынтымақтастық туралы
Келісім

Бұдан әрі қарай "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Венгрия Республикасының Егін шаруашылығы министрлігі:

- ауыл шаруашылығы саласын дамыту екі ел үшін де өзара тиімді болатындығын ескере отырып,
- ауыл шаруашылығы саласында және олармен аралас салаларда екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуды тілей отырып,
- жоғары өнімді ауыл шаруашылығы өндірісін құруға көмектесу ниетін көздей отырып,

- осындай ынтымақтастық достық қатынастардың бұдан әрі күшеюіне жәрдемдесетінін мойындай отырып,
мына төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

Тараптар өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау мен ұқсатуды қоса алғанда ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты дамытуға көмектесетін болады.

Сонымен ынтымақтастықтың:

- жүгері өсіру технологиясын дәнді дақылға, сондай-ақ күнбағысқа енгізуді және венгерлік тұқымдық дәнді қолдануды кеңейту;
- көк бұршақ пен үрме бұршақ өсірудің және ұқсатудың кешенді технологияларын енгізу;
- сүтті мал шаруашылығы мен құс шаруашылығы;
- өсімдіктер мен жануарларды қорғау құралдары, ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын арттыру;
- генетикалық материалдарды алмасу және әртүрлі экожүйелерде ауыл шаруашылығы дақылдарының сорттарын сынау;
- мал дәрігерлік қызметтегі диагностика мен профилактика;
- ауыл шаруашылығы өнімдерін көтерме және бөлшек саудада сатуға даярлайтын жүйелер мен технологиялар;
- екі елдің бірінде семинарлар және конференциялар, кездесулер ұйымдастыру және оларды өткізу;
- нарыққа бағытталған нысандар мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау, ұқсату, жеткізу және маркетингі бойынша субаймақтық жобаларды дамыту жөніндегі үш жақты ынтымақтастық (үшінші донор-елдерімен немесе халықаралық қаржыландырушы ұйымдармен);
- сыртқы және ішкі рыноктардағы ауылшаруашылығы өнімінің маркетингін қоса алғанда, екі елдің мемлекеттік және жеке секторында бірлескен кәсіпорындар құруды көтермелеу сияқты бағыттары мен салаларына ерекше маңыз берілетін болады.

2-бап

1-бапта көзделген ынтымақтастықты жүзеге асыру және қажетті байланыстарды қамтамасыз ету мақсатында тараптардың әрқайсысынан 4 өкілден тұратын Бірлескен комиссия құрылады.

Комиссия дипломатиялық каналдар арқылы алдын ала ескертілген мерзімдерде екі жылда бір рет Алматы мен Будапештте алма-кезек жиналатын болады.

Бірлескен комиссия жалпы қызмет бағыттарын енгізетін таяудағы кезеңнің жұмыс жоспарын, қол жеткен нәтижелер шолуын, ынтымақтастықтың қаржы аспектілерін қамтамасыз ету және оларды айқындау жөніндегі шараларды дайындайды. Өткен кезең ішіндегі ынтымақтастықтың қол жеткізілген нәтижелері комиссияның әрбір мәжілісінде қаралатын және кездесулер хаттамаларында көрсетілетін болады.

3-бап

Тараптар осы Келісімнің 1-бабында түсінік берілген ынтымақтастық бағыттары мен салаларын практикада жүзеге асыру үшін осы салалардағы мамандарды алмасатын болады. Мамандар іссапарымен сондай-ақ олардың ел ішінде жүру, тұру, тамақтануымен байланысты шығыстарды Жіберуші тарап төлейді. Бұл мамандардың баруы жайында Жіберуші тарап қабылдаушы тарапты бір ай бұрын хабарландыруы тиіс.

4-бап

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Венгрия Республикасының Егін шаруашылығы министрлігі осы Келісім шеңберінде үйлестіруші органдар міндетін атқаратын болады.

5-бап

Осы Келісім Тараптардың тиісті мемлекетішілік рәсімдерді орындау туралы соңғы дипломатиялық ноталарды алған сәтінен бастап күшіне енеді және 5 жыл бойына өз күшін сақтайды.

Келісімнің ережелерін жүзеге асыру процесінде туындаған даулы мәселелерді Тараптар келіссөздер жүргізіп, кеңестер беру жолымен шешеді.

6-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Егер аталған екі Тараптың бірі Келісімді бұзу туралы осы мерзім бітуге кемінде 6 ай қалғанша екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарландырмаса, онда осы Келісімнің мерзімі келесі бесжылдық мерзіміне өздігінен ұзартылады. Келісімнің әрекетін тоқтатқан жағдайда оның шарттарына сәйкес бұрын басталған қызмет те аяқталуы тиіс.

Будапешт қаласында 1996 жылғы "7" қазанында әрқайсысы қазақ, венгер және орыс тілдерінде үш дана болып жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісім мәтіндерін түсіндіруде пікір алшақтықтары пайда болған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі үшін
Венгрия Республикасының Егін шаруашылығы министрлігі үшін

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Орынбекова Д.